

КЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ
БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«№ 94 ОРТА МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«СРЕДНЯЯ ШКОЛА № 94» ОТДЕЛА
ОБРАЗОВАНИЯ ПО
КАЗАЛИНСКОМУ РАЙОНУ»
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

«05» мамыр 2025 ж.
Жанкожа батыр ауылы

ПРИКАЗ

№ 46
Село Жанкожа батыра

**2024-2025 оқу жылын аяқтау және
мектепте білім алушыларды қорытынды
аттестаттаудан өткізу мерзімдерін бекіту туралы**

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 5-бабының 14) тармақшасына сәйкес, «Орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушының 2024 жылғы 10 шілдедегі № 174 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылдың 24 сәуіріндегі №82 бұйрығына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

9-сынып оқушылары үшін:

- 1) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 29 мамыр;
- 2) ана тілі бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан – 2025 жылғы 2 маусым;
- 3) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 5 маусым;
- 4) орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 10 маусым;

11-сынып оқушылары үшін:

- 1) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2025 жылғы 30 мамыр;
- 2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 4 маусым;
- 3) ана тілі бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 9 маусым;
- 4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 12 маусым;
- 5) орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2025 жылғы 16 маусым.

2. Емтихан алушы мұғалім мен ассистенттер бекітілсін:

9 сынып бойынша

Ана тілі пәні бойынша жазбаша, емтихан алушы мұғалім - Альмаханова П.,
ассистент - Мәлкеш А.

Математика (алгебра) пәні бойынша жазбаша, емтихан алушы мұғалім -
Пірімжар А., ассистенттер - Қылышбаева Г., Құрманалі Н.

Орыс тілі мен әдебиеті пәні бойынша жазбаша, емтихан алушы мұғалім -
Нұрым Р., ассистенттер - Жәлі Г., Баймусаева А.

андау пәндері пәні бойынша жазбаша, емтихан алушы мұғалім - Пән мұғалімдері, ассистенттер - Пән мұғалімдері

11 сынып бойынша

Ана тілі пәні бойынша жазбаша, емтихан алушы мұғалім - Мәлкеш А., ассистенттер - Альмаханова П.

Алгебра және анализ бастамалары пәні бойынша жазбаша, емтихан алушы мұғалім - Қылышбаева Г., ассистенттер - Құрманалі Н., Пірімжар А.

Қазақстан тарихы пәні бойынша ауызша, емтихан алушы мұғалім - Асан Б., ассистенттер - Әбдіразақ И. Құрманалі Б.

Орыстілі мен әдебиеті пәні бойынша жазбаша, емтихан алушы мұғалім - Жәлі Г., ассистенттер - Нұрым Р., Баймусаева А.

3. Бітіруші білім алушылардың мемлекеттік құжаттарын толтыру комиссиясы мына құрамда бекітілсін:

- 1) Б.Құрманәлі;
- 2) Қ.Сердалы;
- 3) Т.Тоқмамбет
- 4) Ж.Нұрсейіт

4. Қорытынды аттестаттау комиссиясы мына құрамда бекітілсін:

- 1) А.Садиров – комиссия төрағасы;
- 2) Ә.Жақсылық – комиссия төрағасының орынбасары;
- Ш.Калиева – комиссия мүшесі, хатшы.
- 3) Н. Құрманәлі – комиссия мүшесі;
- 4) Д.Төкеш – комиссия мүшесі (келісімімен);
- 5) М.Балкеев – ата-аналар комитетінің төрағасы, комиссия мүшесі (келісімімен);
- 6) М.Қоспан – мектептің қамқоршылық кеңесінің төрағасы, комиссия мүшесі (келісімімен);

- 7) Б.Құрманәлі – қосымша білім беру маманы, комиссия мүшесі;

4. Білім алушыларды қорытынды аттестаттау емтихандарына әзірлік кестесі 3 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5191 болып тіркелген) талаптарына сәйкес 2024-2025 оқу жылын аяқтауды қамтамасыз ету мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Ә.Жақсылыққа міндеттелсін.

5. Мектеп білім алушыларын қорытынды аттестаттау кезінде емтиханға түгел қатысуын қамтамасыз ету 9 сынып жетекшілері Ш.Калиева мен А.Аралбаевқа және 11 сынып жетекшісі Т.Тоқмамбетке тапсырылсын.

6. «Жиынтық жұмыстарды жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» негізінде ТЖБ 13-22 мамыр күндері аралығында ұйымдастырылып, кесте бойынша өткізілсін. (қосымша №4 кесте)

7. Оқу жылын аяқтауға байланысты мектеп бойынша іс-шаралар жоспары әзірленіп, бекітілсін. (қосымша №1 кесте)

8. Білім алушылардың ұлттық бірінғай тестілеуге қатысуын ұйымдастыру мектеп директорының оқу және бағдарлы ісі жөніндегі орынбасарларына (Ә.Жақсылық пен Н.Құрманәлі) міндеттелсін.

9. Оқу жылын аяқтау іс – шара ларына байланысты мектеп бітірушілердің мектеп бітіру кештерін жеке үйлерге, мейрамханада, ойын-сауық мекемелерінде өткізуге, мұғалімдерге сыйлық алу үшін және басқада түрлі себептермен заңсыз ақша жинауға үзілді – кесілді қатаң тыйым салу, басқа да құқық бұзушылықтардың алдын-алу, болдырмау мақсатында ата- аналармен түсіндіру жұмыстарын жүргізу мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары **А.Тулебаева** мен 11 сынып жетекшісі **Т.Тоқмамбетке** міндеттелсін, сонымен қатар аталған фактілер анықталған жағдайда тиісті заңдылықтарға сәйкес қатаң түрде тәртіптік шара көрілетіндігі ескертілсін.

10. Төтенше оқиғалар, сәтсіздік жағдайлардың алдын алу мақсатында мектеп бітіруші түлектердің машиналармен кортеж жасауға қатаң тыйым салынатындығын, осындай деректер кездескен жағдайда мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары **А.Тулебаева** мен 11 сынып жетекшісі **Т.Тоқмамбеттің** жауапкершілігі қаралатындығы ескертілсін.

11. Мектеп бітіруші түлектерге орта білім туралы аттестатты тапсыру жиынын санитарлық эпидемиологиялық талаптарды қатаң сақтай отырып, мектеп қабырғасында, мектеп формасымен 45 минуттан аспайтын уақытта өткізілуін ұйымдастыруды мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары **Ә.Жақсылық** пен 11 сынып жетекшісі **Т.Тоқмамбет**, мектеп мейіркеші **Г.Әлі** (келісімімен) мен мектеп директорының шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары **М.Ниязға** жүктелсін.

12. Құқық қорғау органдарына шара өткізілетін орында қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету туралы хабарлау мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары **А.Тулебаеваға** тапсырылсын.

13. Аттестат тапсыру жиынын өткізу күні кешкі мезгілде мектеп бітірушілердің қауіпсіздік шараларын күшейту үшін кезекшілік ұйымдастыру мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары **А.Тулебаева** мен 11 сынып жетекшісі **Т.Тоқмамбетке** тапсырылсын.


14. Оқу жылын аяқтау жөнінде іс-шаралар бұқаралық ақпарат құралдарына жариялау мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары **А.Тулебаеваға** жүктелсін.

15. Аттестат тапсыру жиынының өткізілуі туралы мәліметті уақытылы білім бөліміне тапсыру мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары **Ә.Жақсылыққа** міндеттелсін.

16. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары **Ә.Жақсылық** пен мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары **А.Тулебаеваға** жүктелсін.

(негізі: «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша
білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылдың 24 сәуір күнгі
№82-ұқ бұйрығы)

МЕКТЕП ДИРЕКТОРЫ:



А.САДИРОВ